

Абай айтатын сөздерінің мәнін мейілінше ашып, тиянақтап, ұғымды етіп жеткізеді. Сондықтан да Абайдың қара сөздері елдің, халықтың, қоғамның, заманның жағдайын, көрінісін береді. Ақын осы сөздерін қазақ қоғамымен ғана байланыстырмайды, жалпы адамға, адамзатқа бірдей ұсынады. Абайдың даналығы - адамзатқа ортақ рухани байлық.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
3. Жиреншин Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев/ Абай. Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 536 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

ӘОЖ 1751

## **ҚАЗАҚТАНУДАҒЫ ЖЫЛҚЫНЫҢ АЛАР ОРНЫ**

### **Жігер Нұрдәулет**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, М017 Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс магистранты, Қазақстан Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Оразбек М.С

Өткен тарихын ой елегінен өткізіп, бүгінгі жағдайды нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту өсер елдің бұлжымас қағидасы. Мәңгілік елдің баянды жарқын болашағы үшін ұлттық санамызды, болмысымызды сақтап, жастарымызды рухани бай мұрамыздың ұзынан жарыту қашанда өзекті. Ғасырға жуық үсемдік құрған Социалистік идеологияның басты мақсаты – қазақша ойлауымызға, ұлттық ойлауға барынша қарсы әрекет етті. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар мансұқталды. Жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеру деген ұран аясында ұлттық келбетімізді танытатын нысандарымыз теріске шығарылды. Ұлттық болмысымызды паш ететін шығармалар социалистік идеологияның тегеуірініне тап болып, тұлғаларымыз саяси қуғанға ұшырады. Тек кеңестік жүйенің құрсауы сетіней бастағанда ғана ұлттық құндылықтардың там-тұмдап дәріптелуіне жол ашыла бастады. Көп жылдардың көміне көмілген рухани мұралар аршылып, тамыры суалған ұлттық болмысымызға қан жүгірді. Ұлттық болмысымыз қайта жаңғырды. Қазақша ойлап, қазақша өмір сүруге деген үлкен талпыныстар басталды. Еліміздің руханият өкілдері аянбай тер төкті. Еңбектің өтеуі ақталып, өз жемісін берді. Қазақша ойлау, ұлттық ойлау, өмірге қазақ болып карап, дүниені қазақ болып қабылдау дәуірінің негізі басталды.

Бодандықтың түндігі түріліп, бостандықтың таңы атысымен рухани құндылықтарымыздың бастауларымен қайта табыстық. Еңсеміз көтеріліп, кеудемізді тіктедік. Қолымыз жеткен сол рухани құндылықтарымыздың бірегейі жылқы мәдениеті деп айтуымызға әбден болады. Өзіміз ат десе жар құлағымыз жастыққа тимей елеңдейтін қазақ болғанымызбен мәдениетіміздегі алар орнын әлі лайықтап бере алдық дей алмаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан кейін ғана зиялылардың жылқыға деген ерекше ықыласы ауа бастады. Әсіресе, Елбасының «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды» сөзі ерекше әсер етті.

Бүгінде ғылым мен техниканың дәуірі ғарыштап дамып жатқанына қарамастан, жылқының маңызы тап бұрынғыдай өзекті болмаса да, жылқы десе елең қағып, делебеміздің қозатыны

соның айғағы болса керек. Қазақ халқының ежелден төрт түлікті қадірлеп әрқайсысын кие тұтып дәріптеді. Мысалы түйені Ойсылқара, қойды Шопан ата, сиырды Зеңгі баба, жылқыны Қамбар ата деп кие тұтты. Десе де, халқымыздың жылқыға деген ықыласы ерекше. Оған жай ғана мал ретінде емес, тәңірдің елшісіндей құрмет етіседі. Төрт түліктің ішінен тек жылқыны ғана жеті қазынаға жатқызады.

«Ат үсті әулие» деп ұғынумен қоса, «Жылқы тәңірдің жердегі елшісі» деп ерекше назар аударып, жылқының жай түлік емес, тәңірдің сыйы, құдайдың ерекше назары түскен түлігі деп ұлықтайды. Жылқыға албаты тіл тигізуге, қол тигізуге тиым салады. Қазақ халқы өзінің болмысын таныстырып, кім екенін ұқтыру үшін арыдан тарқатып «Түбім – түрік, түлігім – жылқы» деп, «Арыстан - аң патышасы, Жылқы – мал патышасы» деп әспеттейді. Осыдан артық жылқыға деген құрмет болмас.

Жылқының тек қазақ баласы емес, күллі көшпелі халыққа еткен еңбегі ересен. Ұланғайыр байтақ мекенді көшпенділер шоқпарын беліне жаяу байлап алып қорғаған емес. Қашса құтылып, қуса жетіп, қаласа серуендеп сайын даланы еркін жайлап, ерке өсуіне жылқының атқарған еңбегі өлшеусіз. Мәскеудің «Ломоносовъ» баспасынан Вера Курскаяның «История лошади в истории человечества» деген кітабының бірінші бетінде автор: «Тарихтың барлық белесінде жылқы адамға көмектесумен келеді. Онымен жер де жыртылады, аң да ауланады, жүк те тасылады, адам соны мініп жүріп соғысады, адамға қорек болатын да сол, адамды құтқарып қалатын да сол. Оның үстіне жылқы кеңістікті тұтастырып тұрады – жылқы болмаса ежелгі империялардың құрылуы мүмкін емес еді», дейді. «...Петербург пен Мәскеудің көшелерінде жүрген кавалерия полктеріндегі аттар қазақ жылқысының сом тұлғасымен салыстырғанда шидиген сидам, мүлдем бұлшық еті жоқ болып көрінеді. Қазақ атының қимылының шапшаң, жүрісінің тез, бұлшық еттерінің шиыршық атып тұруы сияқты қасиет бір аттың басында болуы дүние жүзінде мұндай тұқымның жоқ екенін көрсетеді».[1,115б] Бұл жылқыға берілген лайықты баға. Жылқының қолға үйретілуі әлемдік шаруашылық пен әскери дәстүрде тың жаңалықтар ашты. Тұлпар мініп, ту ұстаған айбатты әскерлердің қалыптасуына түрткі болып, бабаларымыз тарих тізгінін қолға алды. Көшпелілер арасында небір ұлы империялар құрылап, әлем төсін тұлпардың тұяғымен дүбірлетті.

Жирасыншы ғасырдың аяғында дүние жұртшылығына байлықтың да, берекенің де, беделдің де өлшемін жылқы арқылы анықтап, «Жасымнан жылқы десе менің жаным, Атырдым жылқы ішінде өмір таңын. Жапанда жел-жылқының үстінде өскем, Мекендеп өміріме аттың жалын» [2,53б] дейтін арда қазақтың «асауды алғаш ауыздықтаған ел» екені дәлелденді. Осынау мерейлі оқиға Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ботай қонысында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жылқы сүйектерін зерттеу негізінде дәлелденді. Ботай қонысынан 60 мыңнан астам бұйым, тас пышақтар, қанжар, жебе, найза, ине, жуалдыз, тағы басқалар, жылқының 70 мың сүйегі табылды. Табылған аттардың азу тістерінде ауыздықтың ізі бар екені, аттың әбзелдері, құрық, теріден тігілген шалбар, тізеден асатын тері етік, тымақ сынды көптеген заттар табылды. Қоныстағы табылған заттар қазіргі адамзат баласының тіршілігінің негізі болған көптеген заттардың бастауында ежелгі өркениет иесі қазақ халқы екені дәлелденді. Табылған шалбарлар, былғары аяқкиімдер күні бүгінгі қолданып жүрген киімдерден еш өзгерісі жоқ екені анықталды. Көшпенділер ойлап тапқан шалбар, кебіс, аяқкиім, шапан сынды ким-кешектер бүгінгі киім үлгілерінің алғашқы негізі. Жылқы мәдениетке еткен ықпалы орасан. Күнделікті мініс аттары өзіне лайықты киімдер ойлап табуға әкелді. Ал, отрықшы халықтың бұндай киімдерді ойлап табуға қажеттілігі жоқ еді. Сол дәуірлерде өмір сүрген мысырлықтар мен римдіктер ұзын матаны денесіне орай салып жүре беретін болған. Сәндеп бара жатқанда төбесінен төңкере киіп алатын, ұзын етектегі көйлектер киететін. Алайда, ерінің де, әйелінің де бұттары ашық болатын. Бүгінгі костюдер де, ұзын етектегі шапандар да ежелгі көшпелілердің туындысы. Ат үстінде еңкейіп, шалқайғанда, қатты

шапқанда жел тиіп, суық шалмау үшін белімен қосып, денесін жауып тұратын шапан, атқа мініп жүруге лайықты шалбарлар пішкен. Ер мен әйел, рулардың өзінше киім үлгілері болды. Сырттан келген адам, кімнің қай рудан, қандай жаста, әлеуметтік дережесін кимінен қарап-ақ білген. Бұның бәрі қжеттіліктен туған өнер туындысы. Көшпелілер тұрмысы әлемдік киім үлгісінің бастауы деп бағалауға болады. Сағындық Жауынбаев, тарихшы: Жазы ыстық, қысы суық Ұлы Далада өмір сүретін адам шалбарды ойлап таппауы мүмкін емес. Климаттың өзі адамды осындай ортаға бейімделуге мәжбүр етті. Белуардан келетін қар, ат үстіндегі өмір – шалбарды ойлап табуға мәжбүрледі.

Мәжбүрлік шалбарды ойлап табуға итермеледі. Әуелде күллі адамзат «юбкамен» жүрді. Уақыт өте, Ұлы Даланы мекен еткен біздің бабалар атты қолға үйретіп, үстіне қарғып мінді. Бірақ бұрынғы етекте көйлекпен ат үстінде ұзақ жүре алмайтынын аңғарды. Себебі, жылқы – өте тершең жануар. Терлеген кезде тұла бойынан ащы тұз ағып, балтыр-саныңды жаралап тастайды. Әуелгі кезде көшпелілер жорыққа шыға қалса, аяқтарын санынан бастап тобығына дейін мал терісімен жеке-жеке орап алатын болған. Осыдан келіп, шалбар пайда болады. Сол ең алғашқы шалбар Шығыс Түркістан жерінен табылып отыр. Осыған дейін ең көне шалбар деп Непалдан табылған, 2400 жыл бұрын тігілген шалбар көрсетіліп келген еді. Радиокөмірқышқыл сараптамасы Шығыс Түркістан шалбарының тігілгеніне 3 мың жылдан астам уақыт өткенін анықтап берді. [3,1286] Атқа міну тек шалбарды ғана емес аяқкиімді ойлап табуға да мәжбүр еткен. Аттың үстінде үзеңгіге аяқты тіреп отыру үшін, қақаған аязда аттың шабысында да аяқкиімнің қажеттілігі түсінікті. Тархи археологиялық деректерге назар аударсаңыз небір ғаламаттарға ауыз ашып, таңдай қақпауыңыз мүмкін емес. Алғаш шалбарлардың табылуы үш мың жылдан әрі асса, аяқкиімдердің тарихы тым тереңдеп кеткен. Америкалық археолог Эрик Тринкаус үлкен жаңалық ашқан. Оның тұжырымынша Алтай тауының үңгірінен табылған адам қаңқасы 30 мың жыл бұрын өмір сүрген деп шешті. Ондағы адам сүйегі тасқа айналып кеткен. Бұндағы ең қызық жері қаңқаны бастан-аяқ толық зерттеген ғалым сүйектің башпайының әлсіз екендігін дәлелдеген. Оның себебін ғалым Алтай тауында 30 мың жыл бұрын өмір сүрген адам аяқкиім киген дейді.[4] Ал, ежелгі Мысырдың жазба ескерткіштерінде аяқ киімді тек билік басындағы адамдар – фараондар мен олардың жақындары ғана киген. Ал қарапайым адамдар жалаңаяқ жүрген.

Атақты етікші, Самғау Нәсіпхан «Етіккі ойлап тапқан, оны Еуропаға киіп барған біздер – көшпенділер едік. Сол Еуропаға етікпен алшаң басып кіріп келгенде не көрдік? Герман, галл тайпалары жазда сүйретпе, ал қыста... аяғына жүн-жыбырды орап, байлап жүргенін көрдік. Бірақ, мұндай «орамамен» қанша жүресің? 5-6 шақырымнан соң, әлгі орап тастаған жүн суланып, тері табаны жыртылып қалады. Сондықтан қыс түссе, еуропалықтар ары-бері жүруді қойып, тыныш жататын. Ал көшпендіне бәрібір, анау саптама етікпен тізеден келер суды кешсе де, омбы қармен жүрсе де, аяғы құрғақ. Айтып-айтпай не керек, біздің атамиздың етігі сол кездің жол талғамайтын Джиші іспеттес болды ғой» дейді[4,816]. Бұл саптама етіктерді мінгенде аттың тұзды терісі балтырын жарақаттамау, тобығын үзеңгі қажамауы мақсатында шығарған. Үзеңгіден аяқ өтіп кетпеуі үшін, етікке өкшені бірінші болып қаққанда осы көшпенділер еді. Саптаманың б.з.б 5-ғасырлардың өзінде пайдаланып жүргенін Парзық қорғанынан табылған, оң мен солын ауыстырып кие беретін саптама етіктер дәлелдейді. Бүгінде өзіміз аяқ киім ойлап таппағандай қытай мен Еуропаның аяқкиімдеріне қарап жалтақтаймызда отырамыз. Ал сол замандардың өзінде бабаларымыз аяқкиімнің түр-түрін таңдап киген. Бүгінгі күннің озық үлгілерінің негізі қайда жатыр? Тарихын таныған халық өзін ешқашан қор сезінбесе керек. Бабаларымыз бізге әлемде теңдесі жоқ биік дәрежедегі тарих жасап беріп кеткен. Тек, рухымызды жаңғыртып, өткенге үңіліп өнеге алып, болашаққа қарыштап қадам бассақ болды. Бүгінде аяқкиімнің ары кетсе үш-төрт түрін ғана атап жүрміз. Ал ежелден-ақ бабаларымыз қаншама түрін ойлап тапқан. Мысалы: өкшесі болмайтын әрі табаны, қонышы жұмсақ теріден

тігілген, сыртынан кебіс киетін етікке ұқсайтын мәсі, бүгінде галош орнына жүретін мәсінің сыртынан киетін, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім кебіс, былғары етіктің ішінен қозы жүнінен басылған байпақ, үй ішінде киіп жүруге арналған көннен тігілген жеңіл аяқ киім шәркей, көн теріден бүріп тігілген жұмысқа киетін жеңіл аяқ киім шоқай, жазда киуге арнайы талдан тоқылған шабата, қоғадан тоқылған боршын, үй ішіне киетін өкшесіз аяқ киім башмақ, шүбек, жүннен басылған қысқы аяқ киім пима, былғары етік саптама, қанышы тізеден аспайтын оңқима т.б аяқ киім аттары толып жатыр. Міне бір жылқының тарихына үңілуден бабаларымыздың толассыз даңықты дәуірлеріне тек тамсанумен боламыз.

Иә, жылқы тарихына үңілер болсақ ұлы мәдениеттердің қалыптасу негізінің қайнаркөздерін анықтаймыз. Көшпелілер адамзат өркениетін алға жылжытуда атқарған үлесі әлі өз бағасын толыққанды ала алмай келеді. Ал, сол көшпелілерге үдіксіз дамытып, өнер табушылыққа итермелеген бірден-бір күш – жылқы. Ал жылқыны алғаш қолға үйретіп, оны мініс өлігіне айналдырып, тұрмысқа пайдаланғандар біздің арғы бабаларымыз. Британиялық ғалымдар Ботайлықтар тұрағын зерттеуіндегі қортынды нәтижеге наар аударар болсақ Ботайлықтар тұтынған керамикалық ыдыстардан қымыздың жұғынын анықтаған. Ботайлықтар жылқыны мініс көлігі ретінде пайдаланып ғана қоймай, бие сауып, қымыз ашытып, шипалы сусын өндіруді де меңгерген. Қортындылай келгенде ата-бабаларымыз жылқыға қатысты ашылған барлық жаңалықтың бастауында, түпкі негізінде тұр.

Ал, қазақтың арғы бабасының «асауды алғаш ауздықтаған» халық екендігін, барша мәдениеттің бастау негізі болғанын әлемді тырп еткізбей мойындатқан, қазаққа мерейін тасытқан Ботай қорымындағы «Ботай кім?» деген заңды сұрақ туады. Ботай бабамыз қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданындағы ең зиялы азаматы, қара қылды қақ жарған би, құдай жолын ұстаған қажы болған текті кісі екен. Әкесі Досан – тарихта танымал, Абылай ханның замандасы, сенімді серігі, батыры болған. Ботайдың өзінің кенже ұлы Кенжебек Кенесары көтерілісінде аруақты сардар, соңына дейін күресіп жанын қиған адам. Мінеки, қазақты әлемге танытып, қазаққа да, өзіне де зор аброй әкеліп жатқан есім қай жағынан болса да құрметке лайық деуімізге болады.

Атақты америкалық оқымысты Д.Энтонидің, «Жылқы мен адам арасындағы қарым-қатынастың тарихы Солтүстік Қазақстанда, жазық далада басталады. Ботайлықтар әлемде ең алғашқылардың бірі болып атқа отырды. Осыдан кейін барлық өркениет басталды. Діттеген жерге жылдам жетуге мүмкіндік туды. Бұл адамның тағдырын түбегейлі өзгертті» [5] деген атышулы продюсер Найоби Томпсонның, «Ботай феномені Еуразия даласындағы ежелгі жылқышылардың ең бастапқы мәдениетінің әлеміне алып кіреді. Жалпы, гомосапиенстің тарихында бұл бөгетті бұзып-жарып өткендей құбылыс болды. Ол құбылысты адамның ғарышқа ұшуымен ғана салыстыра аламыз» [6] деген өзіміздің тамаша ғалымымыз Зейнолла Самашевтің бағаларына қосып айтар сөз табу да оңай емес сияқты. Дегенмен, ойды таратуға тырысып көрейік. Ботайда басталған доместикация бара-бара бүкіл адамзаттың өмір салтын өзгертті. Қазақ даласынан жер бетіндегі ең ұлы инновациялар бастау алды, олар өркениетті басқа сатыға ауыстырып берді. Жылқыны қолға үйрету дамудың шешуші қозғаушы күшінің біріне айналды.

Жылқыны алғаш қолға үйретушілердің тұрағы қазақ жерінде болып, қазақтың арғы бабасы ұлы өркениеттің иесі екендігі ғылым бойынша дәлелденіп, әлем мойындады. Архелогиялық дәлелсіз-ақ қазақ халқының жылқыны алғаш қолға үйретушілер екенін жылқымінез, шабандоз, жылқыны жанындай көретін қазақтың сырт кейпінен-ақ байқауға болатын еді. Мысалы, В.В.Радлов “Тюркские степные кочевники атты еңбегінде қазақтар аттың үстіне отыруды бала кезінен үйренеді, отыратын ері ашамай деп аталады, әр адам тамаша шабандоз” [7,416] деп жазды. Әрине, Алаш баласының атты көрсе, мінгісі кеп, шапқысы кеп кететіні – қандағы өлмес қасиет. Сонымен қатар тағы да түркітанушы ғалым В.В.Радлов: «Қазақтар үшін ол малдың

(жылқының) асыл тастай көркі – барлық сұлулық атаулының жиынтығы. Қазақ атты сүйікті әйелінен де артық көреді. Өте әдемі, текті ат үшін жұрт сыйлайтын өте әділ де адал адамдардың өздері ұрыға айналады», [7,436]– дейді. Осы сөзден артық қазақ пен жылқының арасындағы махаббаты жеткізу мүмкін болмас.

Қазақ ежелден: «Қой – береке, түйе – ғазиз, ал аттың жалына қиямет күніне дейін жақсылық байлаулы тұрады» деп жориды. Жылқы төрт түліктің төресі. Тәкәшпар, сезімтал, кірпияз, кербез, киелі де қасиетті жануар. Қазақ халқы ұлт болып, қазақ болып қалғаны үшін ат пен анаға қарыздар. Осыншама кең байтақ жерді бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында жүріп, білектің күшімен, найзаның ұшымен сақтап қалды. Бізге ұрпаққа аманат етіп тапсырды. Осының бәрі желден жүйрік сәйгүліктердің арқасы.

Қазақ жақсы көргенін, адамның тектісін «жылқы мінезді» деп дәріптейді. Жылқыдан осындайлық сәйкестік іздеу – тек қазақ ахалқына ғана тән қасиет. Бұл қазақтың жылқыға деген аса жоғары құрметінің белгісі. Жақсы көрген баласын «Құлыным» деп, бата бергенде «Атың арымасын, тоның тозбасын» дейді. Адам есімдерін қойғанда ырымдап Жылқыбай, Құлыншақ, Торытай, Қаратай, Ақтай, Тайшық, Құнанбай, Дөнентай, т.б аттарды жылқымен байланыстырып қойған.

От ауызды, орақ тілді көмекей әулие Бұқар жырау Абылай ханға торы атын сипаттауда: «Мінген атың айтамын, Ойнай басқан аяқтым, От орнындай тұяқтым, Қиғаш қамыс құлақтым, Саптаяқтай еріндім, Сарымсақтай азулым, Саурысын кере жараған, Кекілін қыздай тараған, Тостаған көзді торыны, Топ тарқамай мін сана» [8,786]. Арғымақты толықсыған арудай етіп әспеттеген жыраудың сөзінен сұлулыққа деген сүйсініспен қатар, тұлпарға деген ыстық ықыластың қаншалық тереңдігін байқаймыз. «Шөп те шығатын жеріне шығады» демекші осынау сүбелі теңеулердің шығу төркіні алғаш жылқыны қолға үйретуші ел, ұлы өркениет бастауы болған жұрт екенінің айғағы іспеттес. «Бұл өмірде сәйгүліктен асқан сұлулық жоқ» ұғатын қазақ баласы малды «текті», «тексіз» деп бөледі. Әсіресе, осы жылқыны текті малға балайды. Оны мақал-мәтелдерінен-ақ кезіктіруге болады. «Ешкі малдың ептісі, жалқы малдың тектісі». Текті айғыр өз үйірінің тазалығын сақтайды, қорғайды, өзінен тараған ұрпаққа ешшқашан шаппайды. Өз үйіріне бөтен үйірдегі буаз биені жолатпайды. Ондай мал келсе теуіп, шайнап қуады, терлетіп, мұздай суға зорлап кіргізеді. Буаз биенің құлынын тастатып, содан кейін ғана үйірге қабылдайды. Ал, мұндай ерекше қасиеттер бура, қошқар, не болмас бұқада да жоқ. Осы сынды өзге жануардан ерекшелеп тұратын ерекше қасиеттері толып жатыр. Сол үшін де қазақтың жылқыға деген қызығушылығы ерекше болса керек. Түлік біткеннің тектісін таңдап мініп, сайын даланың төсінде сайран салғанды қазақ баласы өзіне ерекше бақыт санаса керек.

Мен бір жылқы жылы туған жылқы едім,  
Жалымды желмен сілкемін,  
Тұқымы тұздай құрыған,  
Қазақ қазанаттың ұрқы едім.  
Қамыс құлағымды қайшылап,  
Қамыс сыбдырласа үркемін.  
Ылайымда ылай суға шөлдемей,  
Арыса да албаты, арам шөп жемей,  
Ай мандайлы арғымақтың баласы,  
Алыс жортқан ылди демей өр демей [9,1406].

Жылқыдан өзге жануарлардың бәрі жерге қарап жүреді, ал жылқы балса алдына, жоғарыға қарап жүреді, ат үстіндегі адам да жоғары әлемнің мүшесі. Сондықтан «Ат үсті әулие» деп ұғатын қазақ өздерін төменгі тартылыстан құтылған, жоғарғы әлеммен байланыста өмір сүреміз деп біледі. «Ту құйрығы бір тұтам, Тұлпар міндім – өкінбен» немесе «Арыстандай екі бұтын алшайтып, Арғымақ мінген өкінбес» деп Доспамбет жырау тегін айтпаса керек. Жыраудың

сөзінің арғы төркінінде тек жылқыға деген махаббат пен қызығушылық қана жатпаса керек. Тұлпардың үстінде күнделікті жердің тұрмыс тіршілігінен тартылып шығып, жоғарғы әлеммен байланысады. Уақыт пен кеңістікті бірдей бағындырып, өркениет бастауларына негіз болады. Жыраудың арғы ойында тәңірдің сыйы текті тұлпармен жалғанды жалпағымен басып, құдайдың кенжесіндей еркін сайран салдым, әлемге қалауымша үстемдік қылдым деген ұлы идея жатыр. «Алғаш атқа қонып, адамзатқа үлгі болдым. Кеңістікке жол аштым» деген ұлы емеурін тұр осы екі жолда. Өйткені, Доспанбет, осы қатарлы басқа да жыраулардың жорық жырларын, дүниелік пайымдарын тағы бір үніліп көрсеңіз, бұл пікірде: «Дүниенің егесі біз, адамзатқа үлгі көрсетіп, кеңістікке жол аштық» дегенді батыл айтады Себебі, атқа мінгенінің арқасында Сақтардың Дарри мен Македонскийді ойсырата жеңіп қашан да мерейінің үстем болуы, адамзат баласына үстемдік орнатқан Ғұн империясының Еуропаға жорығы, Еділ патшаның Еуропаны жаулап, орасан зор үстемдікке ие болуы, Шығысханның жарты әлемді уысына сыйдыруы – бес қаруы сай әскерінің ат құлағында ойнағанының көмегі деп түсінеміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда ал Ат үстінде жүрген көшпенділер неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ертұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Ер қанаты - ат демекші, аттың үстінде еркін отыруды үйренген сарбаз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды. Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі болып табылады. Жаумен шайқасарда қылыш ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды» [10]деп жылқының соғыс өнеріндегі ұлы ренасанс тудырды. «Мен үшін жылқы малының қолға үйретілуі адамзат тарихының бүршік жарған кезімен тең. Ескендір, Шыңғыс хан тәрізді шапқыншылардың барлығы дерлік жылқы малы болмаса, түк те істей алмас еді» дейді Кимберлей Броун «Лос Анжелес таймс» газетіне берген мақаласында.

Жылқыны қолға үйретіп, мініс көлігіне айналдырған Ұлы Дала перзенттері уақыт пен кеңістікті игеру нәтижесінде ақыл-ойы мен дүниетанымын өсіріп, түрлі жаңалықтардың бастаушысы болып, бұрын жылдап жүріп жете алмайтын ат тұяғы тимеген жерге жетті. Ұлттық ертегілерімізде баяндалатындай, «айшылық жерді алты аттап, жылшылық жерді жеті аттап» жететін көлік коммуникациясы – тайбурылдар пайда болды. Сол арқылы орасан зор мүмкіндікке қол жеткізді. Әлемге үстемдік құрды. Жылқыны қолға үйрету дамудың шешуші қозғаушы күшінің біріне айналды. Атқа қонған адам – табаны жерден көтерілген адам. Жан-жағына жоғарыдан қарай алатын адам. Атқа қонған адам – уақытты жылдамдата алатын адам. Адамның атқа қонуымен қағидатты түрде жаңа дәуір – аттылы көлік коммуникациясының дәуірі басталды. Жаһандық өркениеттің атымен жаңа беті ашылды. Бұл – адамзат тарихына біздің бабаларымыз қосқан ең басты үлес. Сондықтан да көшпелілердің қай ақылманын алып қарасаңыз да өткен даңықты дәуренін аңсағанда тұлпар мініп, ту ұстағанды арман етиседі. Егер қолына бір тұлпар қолына тиер болса қалған қиындықтың бәрі түк емес. «Айналайын Ақ Жайық, Ат салмай өтер күн қайда, Еңсесі биік боз орда, Еңкейе кірер күн қайда, Күдеріден бау тағып, Кіреуке киер күн қайда, Күмбір, күмбір кісінетіп, Күреңді мінер күн қайда», – деп жырға тиек етсе, Ақтамберді жырау: «Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екенбіз, Күдеріден бау тағып, Қамқапты киер ме екенбіз?! Өзенге бие байлатып, Төскейге орда орнатып, Төрткілдеп ошақ қаздырып, Төбел бие сойғызып, Төменде бидің кеңесін, Біз де бір құрар ма екенбіз?!», – деп тыңдаған жанның арқасын қоздырады. Сонымен қоса Ақтамберді жырау: «Арудан асқан

жар бар ма, Жылқыдан асқан мал бар ма, Биенің сүті сары бал – Қымыздан асқан дәм бар ма! Желіде құлын жусаса, Кермеде тұлпар бусанса, Сәні келер ұйқының, Жылқы қолдан тайған соң, Қызығы кетер күлкінің. Қыздың көркі құлпыда, Жігіттің көркі жылқыда!», – деген жыр жолдары жылқының қадыр-қасиетін айнытпай сипаттап, жылқының қазақ үшін алар орынын дәлелдеген. Шынымен де, қазақ үшін күмбір-күмбір кісінеген күреңдер мен жолбарыстайшұбарларды таңдап мініп, ағыны қатты Жайықтан ат салмай арындап өтіп, малдың көркі жылқыны желіде құлынын жусатып, кермеге тұлпарды бусантып, бал қымызды сіміріп, төбел биенің сары қазысын кертіп шайнап, мерейі тасып кеңес құрып отырса ғана, ұйқысының сәні, күлкісінің мәні кіреді.

Өзін таныстырарда Жиёмбет жырау: «Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пенен аюдай, Өрлігімді сұрасаң, Жылқыдағы асау тайындай», – деп ерлікті жыртқыш атаулының алыптары жолбарыс пен аюға теңесе, өрлігін, өр мінезін сипаттауда жылқы ішіндегі асау тайға теңеуі тегін емес. Жырау өзінің қас ерлігін танытуымен қоса бұғау көрмеген бұлалыған, жан біткеннен жасқанбайтын бет қаратпас жалынын жеткізуде таптырмас шеберлікпен пайдаланған. Осыған ұқсас Базар Жырау топ ортасында сөз сөйлер ақындарға қояр талабында «Семізін сөйле сөзіңнің, мың жылқының ішінде, он жылғы қысыр байталдай» деуінде де тек сүбелі, мәнді сөз ғана емес, отты, өр жыр талап етіп отырғанын, Жиёмбет жыраудың сөзімен үндестігін сезінеміз. Міне осылай шендестіріп талдауда ғана жылқының еркіндік, өрлік сипаттарын терең түсінеміз.

Бабалардан жеткен ескі аңыздарда «Жылқы өзімнің тұяғымнан қатты адамға ғана бағынамын» дейді екен. Сондықтан арыстандай арғымақтарды таңдап мінегін ер де жай адам болмау керек. Ол жылқыда асау тайындай өр, жолбарыс пен аюдай ер болмасына қақысы жоқ. Елін жаудан азат, халқын дұшпанынан мерейін асыру үшін ереуіл атқа ер салып, егеулі найзаны қолға алып, біріндеп жауды қашырып құйқылжыған құла жирен ат мінген азаматқа Махамбеттей «Құйрық жалын шарт түйген, кескекті ердің сойы» болмақ керек. Өзі де арғымағымен сай келіп, жаужүрек қайсарлығы айдындап тұрмағы керек.

Қазекем, ер азаматқа қояр талабында өрлік, ерліпен қатар бір күн дәурен сүрсең де өкінбестей, сұлу өмір сүруді насихат етеді. «Боларында болып өт, Боз жорғадай желіп өт», - деп болар дәуренінде кемеліңе келіп, отызыңда орда бұзып, қырығыңда қамал бұзуың міндет. Жалындаған жастығыңда бықсып жанған шаладай болмай, боз жорғадай тайпалтып, сәйгүліктей сайланып, арғымақтай арындап, дүлдүлдей дүбірлетіп өтпегің керек. Міне, жылқы мінез дегеніміздің тағы бір қыры ашылды. Тек жаугершілік заманда емес, бейбітшілікте де «бай баласындай байға ұқсап, байлап қойған тайға ұқсап» жүру жігітке жарасады. Ал, Махұмыт Қашқаридың «Диуани-Лұғат-Ат-Түрік» атты кітабында «Алып жақсының ана сүті ат үстінде жүріп кебер» [11] деген тәмсілі бүкіл түркі жұрты мен жылқының арақатынасын ашықтап берсе керек. Ел үшін туған ердің аузындағы ана сүті аттың үстінде кеуіп, ат үстінде есейеді. Атқа мініп, «күн-түн қатып, күн түбіне жортқан» қас ердің ел үшін еткен еңбегі ақталып, халқының батасын алып мұратына жетеді. Оған да қазақтың дайн тұрған мақалы бар. «Тай атқа, ат мұратқа жеткізеді». Ертегі-аңыздарда, батырлық жырларда болсын бір байдың немесе жарлы-жақыбайдың баласы өсіп, ержеткен соң, өзіне лайықты бір тұлпар мінген соң барып қана мұратына жетеді. Ер Жәнібектің Көкдөненге ие болуы, Қабанбайжың Қубасқа қолы жетуі сынды. Қас батырлар өзінің төл тұлпарларын тапқаннан кейін барып арман-мұратына жетіп жатады. Көшпелі халық оны ертеден-ақ ырымдайтын болған. Ұл бала 5-6 жасқа толған соң, әкесі оған бәсіре тайын атап, «ашамайға мінгізеді». Міне, осылайша жас бала ең алғаш тайға мініп, үлкен өмірге араласады. Келешекте атқа қонып, ел басқаратын азамат болсын деген сенімнен осындай ізгі салт туған. Кішкентай бүлдіршіннің тұңғыш рет ат жалын тартып мінуінің өзін осындай сән-салтанатқа айналдырып, үлкен мән-мағына беру – қазақ үшін қасиетті, қастерлі ұғым екені ықылым замандардан белгілі. Есте жоқ ескі энеолит дәуірінде атқа қонған көшпенділер ғасырлар бойы дүниені дүр сілкіндіріп, жауларын қан қақсатып, жарты

әлемді жалпағынан басты. Сол ұлы дүбірдің жаңғырығы, ұлы империялардың заңды мұрагері ретінде қазақ халқы да ұлы даланы тұлпар тұяғымен дүрсілдетіп өмір сүрді. Жанына балаған тұлпарын аялап ардықтау құрметті іс. Дүние ісінде шектен тыс мәрт келетін қазақ тұлпар турасында басқаша. Жанына серік тұлпары үшін жанын беруге әзір. Ол турасында елде небір ақылман қария сөздер мен аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар жетерлік. Мысалы: Рай жетімнің жалғыз атын озбыр бай тартып алмақ болғанда жанынан шыққан жария сыры қандай биік махаббатқа толы десеңізші. «Сата алмаймын, Мырза-еке Шұбарымды, Қалай ғана қиямын сыңарымды. Құлынынан қолымнан жемдеп едім, Соған тағып өзімнің тұмарымды»[12,80б]. Үңіліп қараңызшы жылқы мен адам арасындағы жақындықты. Жанының сыңары шұбарына тіл-көзден сақтайды деп таққан киелі тұмарын атына тағып, тұлпары жолында жаны садақа. Байшұбарға келгенде күнім қараң, Жалғызыма келгенде жан қалмайды – деп дүние-мүлікті емес, атадан мұра болып қалған жан серігі жалғыз атын жүз аттан артық көретін мінезі оқырманды селт еттірмей қоймайды. Басқа түлік біткеннің бәрі адам үшін қызмет етсе, қазақ міне жанына балаған тұлпарына қызымет етіп, оны баптап, күтіп, керек болса ол үшін жанын құрбан етуден тайынбайды. Қызғанышын жеңе алмай Байшұбарды айбалтамен шауып өлтірген Мырзан байдың кекшілдігінің соңы «ұлардай шулап қалған» ауылымен, тұлпардың киесі атып ұлы Майданның өлімімен аяқталады.

Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,  
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.  
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,  
Арасында желік бар ет-терінің.  
Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,  
Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.  
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан,  
Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық [9,23б].

Арқалы ақын Ұлықбек Есдәулет қазақтың жауынгер рухқа толы қайсар мінезін, ғасырлардан үзілмей жеткен тектіліген отты жырларымен жетесіне жеткізе жырлаған. Ат көрсе аруақтанып, қылыш көрсе қайраттанып кететін ғасырлардан қалқып шыққан қаймақ халықтың түп санасындағы күллі әлемді тітіреткен жауынгерлік рухы. Қылыш пен атты көргенде тұлабойын дүр сілкіндіретін қанына сіңген, бабалардан жеткен қасиет. Сонымен қоса аттың үсіне мінсе адамды желіктіретін тылсым күш бар. «Жылқы желден жаралған» дейтіні де тегін болмас керек. Атқа мінген кәрі не жас болсын жаяу адамнан еңсесі көтеріліп, қанында бір бүлкіл ойнары анық. Оны мақалмен «Ерге мінген жігітке – он кісілік күш бітеді» дейді. Ал, Асан қайғы:

Арғымаққа міндім деп,  
Артқы топтан адаспа.  
Күнінде өзім болдым деп,  
Кең пейілге таласпа [12,51б].

Арғымаққа мінген адамның аруғы артып, мерейі тасыса керек. Қазақта аспандағы екі жұлдызды – Ақ боз ат пен Көк боз аттың атауларын тегін қоймаса керек. Мысалға ұсынған жыр жолдарында Асан арғымаққа, киелі орынға отырдым деп немесе аспандағы жұлдызым жанды деп артыңнан ерген халқыңнан адаспа дегенді білдіріп тұр. Арғымақ атқа мінген адамның жұлдызы жоғары болады. «Кенелейін деген жігіттің, жылқы ішіндегі екі арғымағы тел өсер» деп, мұратына жетіп, бақытқа кенелетін жігіттің екі арғымағы тел өседі. Ол екі арғымақ алдыңғы жырдағы арғымақпен үндеседі. Себебі, Асан арғымақ атқа мінгенде бақытқа мас болып, арттағы жұртты ұмытып кетпеуге сақтандырады. Ал мұнда да кенелейін деген жігіт те де «екі арғымағы тел өседі». Аспандағы Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздары жанып, бағы асады. Аттың тек физиологиялық мүмкіндіктері ғана емес, ғарыштық, мистикалық жақтары бар. Бабаларымыз



аттың белгілі-белгісіз сырларын жетік меңгеріп, арғымақтарымен үздіксіз үндестікте болған. Сол себепті атқа деген қазақтың махаббатын өлшеп жеткізу мүмкін емес. Аттың құнын артық санаған. Жақсы аттың құны ер-азаматтың құнымен бірдей болған. Құлагердің өлімін көріп, шерменде болған Ақанға қанжығалы Саққұлақ би: «Ақан, қайғыңа біз де ортақпыз. Құлагер енді қайтып келмейді. Оған қастық қылғандардан құнын өтетіп, елге қалаған атыңды мініп қайтарсың», – деп көңіл айтып, өзінің ақылын айтқан. Сол уақта қайғыдан қапаланып отырған Ақан: «Бұл қастандық бір маған емес, бүкіл Атығай-Қарауылға жасалған зұлымдық. Құлагерімнің құны сіз айтқандай бір ат емес, осы елдің бар жылқысын алдыма салып айдап кетсем де құнына тати ма? Ер мен әйел затының кесімді құны бар. Қашсаң құтқаратын, қусаң жеткізетін Құлагердей арғымақтың құнын осы кезге дейін кім кескен? Мұндай сәйгүліктің құны терісін алтынмен толтырсаң ғана қайтар. Бірақ маған ондай алтының да Құлагерімнің орнын толтыра алмайтыны хақ!»[13,311б] деп кесіп айтқан. Жақсы ат пен иесінің арасындағы берік қатынасты дүние-байлық алмастыра алмайды. Қазақ атты жанға серік, көңілге қанат сырласым деп қадірлейді. Біз көбінде бүгінгі бәрін ақшамен өлшеп, материалистік тұрғыдан қарайтын танымымызбен бұл сияқты терең сырларға бойлай алмауымыз мүмкін.

Қазақтың ер азматына бұл жалғанда жұбаныш болар үш ақ дүние бар деп түсінеді. Ол – тұлпар, сұңқар, сұлу әйел. Қолы жеткен бай-бағылан, сығай мен серілер осы үшеуіне қол жеткізуге барын салған. Қалғандарын бұл дүниенің көркі деп есептемеген. Қайғыға түсіп қайысқан азаматты да осы үшеуі арқылы сейілтуге болады. «Ердің қайғысын тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы, сұлу әйелдің құшағы ғана сейілте алады». Ал ол үшеуінен де күдер үзгенде азаматтың бағы тайып, десі қайтады. Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» романында Ақанның Құлагері өліп, Ұрқиясынан айырылып, сұңқарынан көз жазғанда барып серінің күйі кетеді, қайғысы оңалмайды. Оған дейін қандай қайғы болса да Ақан сері ешбірін елең құрлы көрген емес. Жазушы да қазақтың осы заңдылығын жетік білсе керек. Ел аузынан жеткен бір аңыздарда барынан айрылып, қайғымен қайысқан Ақан Сері мен Мәшһүр Жүсіп кездеседі. Сонда Серіні қайғысына бір серпілтер деп түйген данышпан « -Осы Ақан сен үйлендің ба? «Ердің қайғысын тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы, сұлу әйелдің құшағы сейілпеуші ме еді. Ақылымды алсаң үйлен» деген екен дейді.

«Қамшысыз жігітте қатын ғұрлы айбар болмайды» деп атқа мініп қамшы ұстауды мәнге балаған қазақ «Атқа мінсең, байдың баласысың, жерге түссең, жетімдігің еске түседі» деп бір кем дүниенің орнын толтырар құдайдың сыйына балайды. «Жігіттің сорлысын аттың жалдысы теңейді» деп сорлының өзін сойқан қылар тұлпардың жөні бөлек болса керек. Онымен қоса, «Атсыздың атасының ақысы кетеді» деп атсыз адам – дәрменсіз адам, көрінгенге есесі кетер мүмкіндігі шектеулі, рухани әлсіз адам деп тіпті жауынгерлікке де қабылдамаған. Қасиетті жылқы малы қазақ үшін, қазақ пен оның кең даласы жылқы үшін жаралғандай. Бірінсіз-бірінің күні де, сәні де, мәні де жоқ. «Жігіттің атын не аты, не қатыны шығарады», «Атың жаман болса арманың кетеді, Балаң жаман болса дәрменің кетеді. Жылай-жылай өмірің өтеді», «Атты адамға жер алыс емес» жақсы атың болса болды, арманыңа да жетесің, дәрменің де болады, ойыңа алғаныңды атқарып, қалағаныңды жасайсың.

«Ат - ер қанаты», «Ат бейбіт күнде – көлік, Қиын күнде – серік» деп қастерлеген қасиетті түлікті бұл өмірде ғана емес, о дүниеде де иесіне серік болады деп тұлпарларын иесімен бірге жерлеген. Қазылған қорымдар орнынан табылған жылқы сүйектерідәлелдейді. Табылған Алтын адам сүйектерінің жанындағы адамнан кем сәнделмеген жылқы сүйектері дәлелдейді. Көшпенділердің ұғымында жылқы бұл дүние де ғана емес, арғы әлемде де адамға серік болуға қабілетті. Жылқы тәңірдің жердегі елшісі. Қазақ халқы жылқыны әуелден-ақ ел қорғаған ердің жан серігі деп дәріптеген. Біздің аңыз-ертегілерімізде, батырлық жырларымызда ақылды, күшті тұлпарлар мен олардың иесі қысылғанда көмекке бірінші болып келеді. Мысалы, Қо-

быландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Төстіктің Шалқұйрығы, Қамбардың Қарақасқасы т.б.

Жылқының негізгі бес мүшесі құлағы, көзі, аузы мен мұрыны және сезім түйсігі керемет дамыған. Иесінің көңіл күйін сезініп, ыңғайын ұғынып тұрады. Сондай-ақ оның құлағы өте сақ, көзі көреген, мұрыны иіс сезгіш, аузы кез келген дәмді ажырата алады. Тіпті мас адамды да алыстан біледі. Ондайда қазақ баласы «Ат пысқырса арам» деп дүниенің асылы мен жасығын тұлпарының сезім-түйсігі арқылы айырып отырады. Жылқы жүрген жерде жын – шайтан жүрмейді, жылықының иісі сіңген заттарға құрт-құмырсақа, зиянкестер жоламайды деп кие тұтады. Киесі атады деп, желіден, жылқышы ұстайтын құрықтан аттап өтпейді, сүрінген атты ұрмайды, атты кие деп сеніп, жылқыны пір тұтады. Сондай-ақ жылқылар бізді қауіптерден қорғайды. Бұрындары ата-бабамыз жылан жоламасын деп қасына жылқы байлап жатқан. Сонымен бірге ат үстінде көп жүрген адам буын ауруына шалдықпайды. Бақсы-балгерлер ақыл-есі ауысқан адамдарға жылқының қу басымен аластап, ауруын қу басқа «көшіріп», кісі баспайтын жерге көміп тастайды. Жаңа туған баланың кіндігін, сүндеттелген ұлдың кесілген етін жылқының жалының астына байлап қояды. Сонда ол адам өр мінез әрі ат үстінде өмірін өткізетін елжанды азамат болып өседі. Жылқының киесіне қатысты көптеген наным-сенімдер қалыптасып, ғасырлар бойына жалғасып ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасқан. Тек жылқының тылсым сипаттарына тамсанып қана қоймай салыстырып сипаттау арқылы тәрбиелік, өнегелік мақсатта да қолданған. Қазақ жылқы мінезіден тартып оның бойындағы күллі асыл қасиеттерді атап жас ұрпақтың санасына сіңіріп отырған. Сөйлер кезде мың жылқының ішінде он жылғы қысыр байталдай семіз, сыбағалы сөз сөйлеуді, өрлігін, десі басылмаған өжеттігін жылқыдағы асау тайдай бұла болуға, бойжеткендерге бәйге аттай сылқым да кербез жүрісіне, тартымды қылығына еліктеуге шақырса, азамат ерге арғымақтай арындап, аз оттап көп жусағанындай аз сөйлеп көп тыңдауға шақырады, сонда ғана арғымақ текті асыл азаматтығы сонда көрінсе керек.

Арғымақ аттың белгісі,  
Аз ғана оттап, көп жусар.  
Азамат ердің белгісі,  
Аз сөйлер де, көп тыңдар.

Қазақта текке қатты мән береді. Қанша жақсы болса да тегіне тартпай қоймайды деп түсінеді. Көн қатса қалыбына барады, түпкі негізі қандай болса соңғы жетер мәресі де сол болмақ деп ұғады. Сондықтан, келін алғанда, қыз ұзатқанда, тіпті жылқы бөліп үйір қосқанда да түпкі негізіне, тегіне қарайтын болған. Сондықтан да:

Атаңда жоқ арғымақ,  
Анаңда жоқ арғымақ,

Саған не керек?,- деп атаң мен анаңда жоқ тектілік, асыл қанды арғымақтық жоқ болып тұрып «Сен қайда бармақсың?» деп қортып отыр. Жылқы образы арқылы тәрбиелік мәнді әлеуметтік өзекті мәселелерді ерекше көтеретін болған. Тіпті, қоғамдағы жиренішті мінездерді бейнелеуде де ұтымды пайдаланған. «Ат өлімі итке той» деген бір-ақ ауыз сөзбен қаншама мән білдіріп тұр. Тар мағынасы атағымен ауылды асырап жүрген арғымақ ат өлім құшса жемтік аңдыған шәуілдек иттерге жем болып, қадірсіз қалады. Кең мағынасында көп нәрсені көруге болады. Алаштың арыс азаматтары қабырғам қайысты демей қазақтың қаншама жүгін көтеріп, барша жұртты бақытқа бөлеп еді, ал кесірлі Кеңес өкіметінің кесапаты төнгенде құлқұнның құлы болған тесіздер жала жауып, там-тұмдап лақтырған өлексеге қарық болды. Мінеки, аттың өлімінде иттің тойы болатыны осы болса керек.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Радлов В.В. Тюркские степные кочевники. – Астана: «Алтын кітап», 2007, Том3. – 390 Бет.
2. Құлагер. Илияс Жансүгіров. Атамұра, 2007ж. 420бет.
3. Эрик Тринкаус .The Shanidar Neandertals, 1983. 502 page.
4. Самғау Нәсіпхан. Етікші жолы болмаған адам емес. <https://ortcom.kz/kk/shintobe/samaun-siphan-bizdegi-etikshi-adam-zholy-bolma-nemese-kemtar-degen-stereotipti-zhojym-keledi>
5. Д.Энтони. Шумперта можно будет использовать на разных позициях.
6. [https://www.championat.com/basketball/news-1028481-djentoni-shumperta-mozhno-budet-ispolzovat-na-raznykh-pozicijakh.html?utm\\_source=copypaste](https://www.championat.com/basketball/news-1028481-djentoni-shumperta-mozhno-budet-ispolzovat-na-raznykh-pozicijakh.html?utm_source=copypaste)
7. Найоби Томпсон. впервые люди приручили лошадей на территории нынешнего Казахстана. Еще: <https://ru.sputnik.kg/Radio/20170309/1032129874/antropolog-iz-kanady-kazahi-pervymi-priruchili-loshadej.html>
8. В.В.Радлов “Тюркские степные кочевники. В.В. Радлов Из Сибири. Страницы дневника. // М.: 1989. 752 с. ISBN 5-02-017025-9 (Этнографическая библиотека.)
9. Бабадан қалған дана сөз. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Атамұра, 2010ж. 218бет.
10. Ұлықбек Есдәулет. Киіз кітап. Атамұра, 2014ж. 380бет.
11. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
12. Махұмыт Қашқаридың «Диуани-Лұғат-Ат-Түрік» (Түрік тілінің сөздігі). Көп томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том. 638 бет.
13. Бес ғасыр жырлайды. Мұхтар Мағауин. Алматы: Жазушы, 1989ж. 368 бет.
14. Ақан Сері. Сәкен Жүнісов. Атамұра, 2010ж. 376 бет.

ӘОЖ 1751

## **КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ: ГЕНЕЗИС ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Закиров Жумахан Оралбайұлы**

[zhumaxan.zakirov@inbox.ru](mailto:zhumaxan.zakirov@inbox.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультетінің 4-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD доктор Г. Сағынадин

Өткенін түгендеп, тарихын зерделеуге жұрт болашаққа нық сеніммен қадам баса алмайды. Ұлттық құндылықтарынан, тілінен, дәстүрінен, дінінен айырылған ұлт, болашағын құру үшін негіз таба алмай, құрдымға кетеді. Оның дәлелі өзінің тарихын, шығу тегін ұмытқан халықтардың басқа үлкен өркениеттерге сіңісіп, жоғалып кетуі. Мұны ғылымда «ассимиляция» деп атайды. Сонау қарт тарихтың қойнауына көз жүгіртсек, атағынан ат үркетін, бүкіл Еуразия даласын алып жатқан Алтын Орданың тікелей мұрагері – Қазақ хандығы еді. Алтын Ордан бұрын Қыпшақ, Қарлұқ, Оғыз, Қарахан, Түргеш секілді түркі мемлекеттері Еуразия даласын бағзыдан мекен еткен. Одан әрі Ұлы Түркі қағанаты, одан да әріге барсақ Сак, Ғұн, Қаңлы дәуіріне барып табан тірейміз.

Тарихтың осылай екенін біле тұра саяси ғылым еуроцентристік көзқарас ұстанып келді, адамзат тарихындағы Ұлы өркениеттің ірі ошағының бірі түркі халықтары екенін мойындағысы келмеді. Кеңестік тоңмойын идеологияның темір құрсауынан шыға алмай, түркі жұрттарының арғы тарихы мен әдебиетіне қатысты мағлұматтарды таразыламайтын, саясаттың қолшоқпарына айналған жалған ғалымдар көбейді. Ұлттық әдебиетіміз ХІХ ғасырда ғана қалыптасқан, жабайы, тағы көшпелілерде ешқандай әдебиет болмаған деген қате көзқарастар санамызға судай